



ИСЛАМ НЕГІЗДЕРІ

«... еш уақытта мұсылманның діні соғыспен, қолына қару-жарақ алып біреуді өлтіріп, заңсыздыққа барып, мемлекетке қарсы жүру деген мәселелер болмайды мұсылманда. Сондықтан, осындай нағыз таза мұсылманның, Құранның жолыменен халық жүретін болса, ол елге жақсылық әкеледі, әр адамның өзіне де жақсылық әкеледі деген сөз».

Елбасы Н. Ә. Назарбаев



بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

ИСЛАМ НЕГІЗДЕРІ

(Имандылық әліппесі)

II басылым

(Өңделіп, түзетілген және толықтырылған)

Алматы, 2009

УДК 28
ББК 86.38
И 87.

**Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының
Сараптау комиссиясы мақұлдаған.**

Ислам негіздері: (Имандылық әліппесі)
/Құраст.: Палтөре Ы.
- Алматы, 2009. -64 бет.

ISBN 978-601-06-0220-5

Бұл кітапшада Аллаһ тағаланы және Оның пайғамбар етіп таңдаған ең соңғы елшісі Мұхаммедті (с.а.у.) дұрыс танып білу жайында мағлұматтар берілген. Сондай-ақ, дініміз Исламның негізгі іргетасы саналатын намаз оқудың үлгісі және оны өтеу үшін алдымен тазалық мәселесінің жөн-жоралғысы қысқаша әрі жеңіл тілмен баяндалады. Мұнымен қоса Құран Кәрім сүрелерінің оқылуы әрі олардың мағыналары беріледі. Кітаптың соңында Рамазан айт және Құрбан айт мерекелері жайында да қысқаша мағлұмат берілген.

Бұл кітапшаның басты ерекшелігі әрбір тақырыптың төмен жағында діни саладағы сөздерге түсініктеме берілуінде. Кітапша Ислам дінінің негіздері жайында мағлұмат алғысы келген үлкен-кіші барша мұсылман жамағатына арналады.

УДК 28
ББК 86.38

И 0403000000
00 (05) - 09

ISBN 978-601-06-0220-5

© Палтөре Ы.М.

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырман! Қолыңыздағы «Ислам негіздері» деп аталатын кітапша бұған дейін 2008 жылы Дәулет Тоғайұлының қаржылай қолдауымен қайырымдылық мақсатта сыйлық ретінде жарық көрген еді.

Сонымен қатар «Жақсылық істе жарысындар» демекші бұл кітапша сонау Біріккен Араб Әмірліктері тарапынан да қолдау тауып, өздерінің кішігірім сыйлығы ретінде қазақ халқына тарту етілді. Осы игі іске дәнекер болған Қазақстан Республикасындағы «Қызыл Жарты ай» қоғамының директоры Мұхаммед Бахуш мырзаға осы кітапшаның құрастырушысы Палтөре Ықтиярдың атынан және «Хикмет» баспа үйінің ұжымы тарапынан үлкен алғысымызды білдіреміз.

Негізінде мұндай қайырымдылық іс әрбір мұсылманға үлгі-өнеге. Егер біле білсек мұның астарында Ислам дінін халыққа жеткізу, үгіт-насихат жасау, халықты ынтымақ-бірлікке шақыру, әрі қоғамдағы түрлі дәрежедегі қылмыс атаулыға тосқауыл қоюға талпыну жатыр. Өйткені, Аллаһ тағала әрбір мұсылманға жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюды бұйырады.

Аллаһ тағала Құран Кәрімде: **«Ей, пайғамбар! Раббың тарапынан саған түсірілгенді жеткіз! (түсіндіріп баянда). Егер, Мұны орындамасаң, (онда) Оның (Алланың) елшілігін жеткізбеген боласың»** («Мәида» сүресі, 67- аят) -деп қатаң ескертсе, тағы бір аятта: **«...демек, (ей, Мұхаммед!) міне, сол себепті (яғни, бұрынғы өткен қауымдар топ-топ болып бөлініп кеткендері үшін, сара жолдан адасқандықтары үшін сен өз үмбетінді ынтымақ-бірлікке) шақырып, бұйырылғанындай (тура жолдан таймай) мықты тұр. Және де олардың (мушриктердің) нәпсілері қалаған нәрселеріне (ойларына) ілеспе!»** («Шура» сүресі, 15-аят) -деп бұйырады.

Бұл аяттар кезінде Пайғамбарымызға (с.а.у.) арнап айтылғанымен, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) соңынан ерген бүкіл үмбеті үшін де жарамды болып табылады. Бұған қоса, басқа да көптеген аяттарда, Аллаһ тағала тарапынан айтылғандарды халыққа жеткізудің маңызды міндет екендігін аңғаруға болады.

Аллаһ тағала: **«(Ей, Мұхаммед!) Раббыңның жолына даналық пен көркем үгіт-насихат арқылы шақыр! Әрі олармен (сенімен**

тартысып-таласқандармен) **ең көркем түрде** (пікір таластырып) **тартыс!»** («Нахыл» сүресі, 125-аят) - деп бұйырады. Ал тағы бір Құран аятында: **«Үгіт-насихат жаса! Өйткені, ол үгіт-насихаттар мүминдерге пайда береді»** («Зарият» сүресі, 55-аят) -деп баян етеді.

Міне, байқап отырғаныңыздай осы сияқты қасиетті Құран аяттарын тізбектеп дінімізге үгіт-насихат жасаудың қаншалықты маңызды екендігін айта беруге болады. Бірақ арамызда кейбір бауырларымыз өзім енді-енді үйреніп жүргенде басқаға не үйретемін деуі әбден мүмкін. Бір қарағанда бұл да дұрыс. Дейтұрғанмен, өзі қол жеткізген жақсылыққа жанындағы жолдастарым да қол жеткізсе екен деп, өзінде бармен бөлісу, өзі айта алмаса да қалтасынан қаржы шығарып досына имандылық жайында жазылған шағын болса да бір кітапшаны сыйға тарту – әрбір адамның өз нәпсісімен күресін, ыждаһаттылығын, аз да болса діні үшін қобалжып, жанашырлық танытандығын, Аллаға деген шынайы ықылас-ниетін білдіретіні сөзсіз. Шын мәнінде Аллаһ тағала «мен мұсылманмын» деген әрбір ер мен әйелден осыны талап етеді. Осымен сынға түсіп, сыналады. Егер Аллаһ қаласа, жер бетіндегі барша адамзат баласын мұсылман етіп қояр еді. Бұл Аллаһ үшін түкке де тұрмайды. Ол үшін қиын да іс емес.

Мақсат – адамзат баласы бұл дүниенің жалғандығын, сынақ орны екендігін, еңбектену, тағат-ғибадат ету уақыты екендігін сезіне білуінде. Шіркін-ай, адамдар осыны түсіне білсе ғой!

Қолыңыздағы кітапша көлемі жағынан шағын болғанымен қарастырған, көтерген мәселесі аса салмақты, әрбір мұсылман үшін қажетті деп білемін. Осы сарындағы шағын кітапшалар халық арасына кең тараса, Ислам дінінің дұрыс насихатталуына үлес қосады деген ізгі ниетпен «Ислам негіздері» деп аталатын бұл кітапшаны сатылымға да шығарып отырмыз. Мұндағы мақсат ақша табу емес. Жағдайы бар кісілер сатып алып, сыйлық ретінде өз жеке атынан тарту ете жатар деген ой. Ал сатылымнан бізге түскен қаржы тағы да осы сияқты кітапшаларды шығаруға, олардың заманымызға сай электронды нұсқаларын әзірлеуге, көбейтіп шығаруға жұмсалады деген ниеттеміз. Иншаллаһ, солай болғай!

Әрбір оқырманға сәттілік, табыс, екі дүниенің бақытын тілейміз!

Ізгі ниетпен «Хикмет» баспа үйінің директоры
Мансұров Батыржан Берденұлы

БІРІНШІ БАСЫЛЫМНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

Бисмилләһир-рахманир-рахим!

Құрметті, оқырман қауым! Қадірлі, мұсылман бауырлар!

Қолыңыздағы кітапшада қасиетті Ислам дініне қатысты ең негізгі мағлұматтар жинақталып, тұжырымдалып беріліп отыр, сол себепті ол «Ислам негіздері» деп аталды.

Сіздерге ұсынылып отырған бұл еңбек көлемі жағынан шағын болғанымен оның мазмұнында қамтылған мәселелер мәні жағынан біздің әрқайсымыз үшін өте маңызды, әрі терең. Кітапша «мен мұсылманмын» деген қарапайым мамандық иесінен бастап мемлекет қызметкері, билік басындағы қайраткерлерге дейін, яғни жасы мен мансабына қарамай, үлкен-кішінің барлығының бірдей Ислам діні жайлы дұрыс, пайдалы мағлұмат алуына мүмкіндік береді деген ниеттемін. Сондықтан осы шағын еңбекті әрбір мұсылман отбасына қажетті «Ислам әліппесі» деп те атар едім.

Ата-баба діні Исламға адал болу, оның шарттарын бұлжытпай берік орындау, салт-дәстүрін жетік білу, сонымен қатар иман жүзді, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете алатын, рухани жағынан бай, тәрбиелі ұрпақты тәрбиелеуге үлес қосу, халыққа адал қызмет ету, елбасының салиқалы саясатын қолдау, ол үшін өз тарапымыздан шамамыз келгенше еңбектену, міне, осының барлығы – тәуелсіз еліміздегі ұлтымыздың өкілдері, біздің, қазақ азаматтарының абыройлы борышы.

Осы мақсатта бұл шағын еңбектің жарық көріп, сіздің қолыңызға жетуіне демеушілік жасап, мұсылман бауырларымыздың арасында тегін тарауына себепші болуды нәсіп еткен Аллаға мыңдаған мадақ айтып, алғысымды білдіремін. Біздің тарапымыздан орындалған бұл қадам шын мәнінде тек Алланың ризашылығы үшін жасалып отыр, одан басқа ешбір мүддені көздеуден аулақпыз. Керісінше, өз замандастарыма, қолында қаржысы бар бауырларыма ой тастап, үлгі көрсете алсақ – біздің мақсатымыздың орындалғаны.

Елбасымыз атағандай әр азамат Ислам дінінің қағидаларын дұрыс түсініп, оны орынды ұстанатын болса, сол әрекеті арқылы ол тек өз жеке басы үшін ғана емес, халқымызға, қала берді тұтастай қоғамға үлкен пайда мен жақсылық әкеле алады, екі дүниенің бақытын сыйлауға себепші болады.

Алаш атаулы ұлтымыз саны жағынан бір төбе ғана халықпыз. Егер ата-баба жолын өзімізге үлгі-өнеге етіп, олардың даңқты ерлігі мен батырлығын, шексіз даналығы мен шешендігін, күш-қайраты мен жігерін бойымызға дарыта алсақ, ғылым мен оқу-білімнің барлық саласын еркін, жан-жақты меңгерсек және осының барлығын имандылықпен ұштастыра жүзеге асырсақ өзімізден саны артық қай халықтан да, мемлекеттен де кейін қалмай, керісінше, оқ бойы озық тұруға толық мүмкіндігіміз бар, қымбатты мұсылман бауырлар!

Әбенев Дәулет Тоғайұлы.

5 мамыр, 2008 жыл.

ЕСКЕРТУ!

Құрметті оқырман! Бұл кітапшаны оқу барысында жекелеген емлелік ерекшеліктерге назар аударуыңызды сұраймыз.

1. 1928 жылы қазақ әліппесінің латын жазуына ауыстырылуына байланысты араб әрпімен жазылып келген көптеген атаулар мен діни терминдер хатқа түсу тұрғысынан өзгеріске ұшырағаны белгілі. Солардың бірі – «Аллаһ» сөзі «Алла» деп жазылып келді. Өкінішке орай, күні бүгінге дейін қазақ тілінің орфографиялық сөздіктерінде осы үрдіс сақталып отыр. Бірақ бұл Жаратқан Иенің, Құдай тағаланың аты болғандықтан, қай тілде болмасын ешбір әрпін кемітпей, өз қалпында жазу қажет. Осыны ескере отырып кітапшаны құрастыру барысында мәтінде «Аллаһ» сөзі ешбір қосымшасыз, жеке келгенде оны араб тіліндегі түпнұсқасына сай, толық жазуды жөн көрдік (Абай еңбектерін көшірген Мүрсейіттің қолжазбасында да біз беріп отырған үлгіде жазылған).

Ал «Аллаһ» сөзіне мәтінде қосымшалар жалғанғанда соңғы «һ» әрпі дыбысталмайтындықтан қазіргі қазақ тілінің емлесіне сай, түсіріліп жазылды. Мысалы, «Алладан», «Аллаға» т.б.

2. Аллаһ тағалаға қатысты айтылатын «Ол», «Оның», «Оған», «Өзі» сияқты жіктеу, өздік есімдіктері оларды басқа есімдерден ерекшелеу мақсатында бас әріппен берілді. Мұны құрастырушыдан не баспа тарапынан жіберілген қате деп санамаған жөн.



ИМАНДЫЛЫҚ БӨЛІМІ

АЛЛАҒ

Аллаһ – менің Жаратушым. Ол маған ризық-несібе беруші. Аллаһ барлық нәрсені бір Өзі жаратты. Аллаһ барлық жаратылыстарға ризық береді.



Оның ешбір серігі жоқ. Ол аса құдіретті, барлық нәрсеге күш-құдіреті толық жетеді. Ол тірілтеді, әрі өлтіреді.

ТҮСІНІКТЕМЕ

Жаратушы дегеніміз – әрбір нәрсені әу баста жоқтан бар етіп жаратушы.

Аллаға иман келтірудің негізгі екі шарты бар. Біріншісі – Аллаһ тағаланы бір деп біліп, тек Аллаһ қана барлық нәрсенің Жаратушысы және Иесі, бүкіл әлемнің Раббысы деп мойындау. Осы негізге бүкіл әлемдегі барлық оқиға мен іс-әрекет тек бір Аллаһ тағаланың қалауы, білімі мен құдіреті себебімен болатыны туралы ұғым кіреді. Аллаһ тағала бүкіл тіршіліктің дүниеге келуінің басты Себепшісі, барлық тіршілік иелеріне өмір Беруші. Аллаһ Өзі қалаған мақлұғына (жаратқанына) жан береді. Аллаһ тағаланың бар болуының бастауы не соңы жоқ. Аллаһ ешқашан жоқ болмаған, Оны ешкім жаратпаған. Аллаһ шаршап-шалдықпайды, қажымайды. Сондықтан да дем алуды қажет етпейді. Ұйықтамайды, тіпті қалғымайды да.

Екінші шарты – жасайтын тағат-ғибадатты, құлшылықты тек бір Аллаға ғана арнау. «Мен мұсылманмын» деген әрбір адам тек бір Аллаһ тағалаға құлшылық етіп, құлшылығында Оған ешнәрсені серік етіп қоспай, тілек пен дұғалары тек бір Аллаһ тағалаға бағышталып, әрі әрбір жасаған амалы, іс-әрекеттері Алланың ризалығына жету үшін оларды Ислам шарифатының қағидаларына сай орындауы шарт.

АЛЛАҒ – МЕНІҢ РАББЫМ

Мен тағат-құлшылықты тек бір Аллаға ғана жасаймын. Оның ешбір серігі жоқ.



Мен барлық құлшылығымды тек Оған ғана арнаймын. Мен үшін Алладан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ.

ТҮСІНІКТЕМЕ

«Раббы» сөзінің араб тіліндегі тілдік мағынасы: Аллаһ тағала бір Өзі ғана әмірші, билік етуші, Ие болушы, әлемдегі барлық нәрсені ретке келтіруші, ал шариғаттағы мағынасы: Әрбір мақлұқатына (жаратқанына) жан беріп жан алушы, дұға-тілектерді қабыл етуші, барлық іске күш-құдіреті жетуші, барлық жаратылғанның ризық-несібесін белгілеуші, әрбір істің болуын не болмауын ұйғарушы дегенді қамтиды.

Құлшылық дегеніміз – көпшілікке белгілі қалыптасқан дағды бойынша еңкейіп, тұру немесе тек намаз оқу ғана емес. Құлшылықтың ауқымы кең – ол намаз оқу, ораза ұстау, садақа беру, дұға-тілек жасау, Құран оқу, тыңдау, адал жолмен ризық іздеу және кәсіп ету, ел тыныштығы үшін күзетте тұру, жүктелген міндетті адал, толық орындау т.б. қамти отырып, Аллаһ тағаланың қасиетті Құран Кәрімде және пайғамбар хадистерінде баяндалған бұйрықтары мен тыйымдарына қарсы келмей, Оған толық бағыну, мойынсұну сезімін де білдіреді.

АЛЛАҒ – МЕНІҢ РАББЫМ, ӘРІ ТӘҢІРІМ

Ол Аллаһ – аса қамқор, ерекше мейірімді. Ол кешіруші, мәңгі тірі, толық меңгеріп тұрушы, Естуші, Көруші. Оның көркем есімдері бар.



ТҮСІНІКТЕМЕ

Аллаһ аса қамқор, ерекше мейірімді. Бұл сөздердің арабшасы «әр-Рахман, әр-Рахим». «**Әр-Рахман**» сөзі – «мейірімділік көрсету, аяушылық білдіру, рақымшылық жасау, кешіру» деген мағыналарды білдіреді. Мейірімділіктің ең жоғарғы дәрежесін қамтиды. Әр-Рахман сипаты осы дүние тіршілігінің соңында жүрген күллі жаратылыстың, мейлі ол адамзат болсын, яки жан-жануарлар болсын барлығын түгелдей өз қамқорлығына алады.

Сондай-ақ, Аллаһ тағаланың «Рахман» және «Рахим» сипаттары тілдік тұрғыдан алғанда араб тілінде «рахима» етістігінен туындағанымен, екеуінің арасында біршама айырмашылықтар бар. «Әр-Рахман» – Аллаһ тағаланың осы дүниедегі рақымдылығы, мейірімділігі, ал «әр-Рахим» сипаты о дүниедегі мұмин-мұсылмандарға ғана тән, яғни ақыреттегі мейірімділігі. Сондықтан Аллаһ тағала «әр-Рахман» сипаты арқылы бұл дүниеде мұсылман-кәпір, пасықшынайы, бұзық-жуас, бай-кедей деп бөліп жармайды, барша мақлұқатқа аса мейірімділік танытып, қамқорлық жасайды.

Сонымен қатар «әр-Рахман», «әр-Рахим» сипатының Құран оқыр алдындағы «Бисмилләһир-рахманир-рахим» тіркесінде келуі де, әрбір істің басталуында Аллаһ тағаланың мейірімділігі мен қамқорлығының ерекше кең екендігін айқындап тұр.

Біз мұсылман ретінде шамамыз келгенше өз бойымызға мейірімділік, қамқорлық, рақымшылық сияқты жақсы қасиеттерді сіңіріп, Аллаһ тағаланың жаратқандарына барынша мейірімді, қамқор, жанашыр болып, жүріс-тұрысымызды Құран Кәрімнің үйрететін әдебімен орындауымыз қажет. Өзгеге мейірімділік ететін мейірімді жандарға Аллаһ тағала да мейірімділік етеді. Мейірімділік етпеген жанға мейірімділік етілмейді...

АЛЛАҒ – БІРЕУ-АҚ

Алладан басқа еш-
бір тәңір жоқ. Яғни,
«Алладан басқа шы-
найы түрде ешкім
де құлшылық етуге
лайық бола алмайды»
- деп куәлік беремін.



Алладан басқа Жаратушы, ризық-несібе беруші
жоқ. Аллаһ барлық нәрсенің Патшасы.

ТҮСІНІКТЕМЕ

Аллаһ тағаланы бір деп танудың тағы бір негізі – оның Құран Кәрімде және пайғамбар хадистерінде баяндалған көркем есімдері мен сипаттарын қабылдап, күдіксіз мойындау. Жоғарыда айтылған «Аса қамқор, ерекше мейірімді» яғни, «әр-Рахман, әр-Рахим» деген сөздер де Аллаһ тағаланың көркем есімдерінің біріне жатады. Сондай-ақ, бұл екі есім Аллаһ тағаланың бүкіл кемшілік атаулыдан пәк, өте рақымды, мейірімді деген ұлық сипаттарының бірі болып табылады.

Аллаһ тағаланың көркем есімдері мен сипаттарында Аллаһ тағаланы бір деп тану үш негізден тұрады:

Біріншісі, Аллаһ тағаланы ешбір мақұлық атаулыға ұқсатпау. Екіншісі, Аллаһ тағаланың көркем есімдері мен сипаттары Құран Кәрімде және пайғамбар сүннетінде қалай баяндалған болса, сол қалпында қабылдау. Үшіншісі, Аллаһ тағаланың көркем есімдері мен сипаттары Құран Кәрімде және пайғамбар хадистерінде баяндалғаннан тыс өз бетінше ізденіске түспеу. Яғни, Оны үйлену, ішіп-жеу, отырып-тұру, шығып-түсу, дене мүшелерден құралу т.б. сияқты пендеге қатысты ерекшеліктермен сипаттамау.

Мұсылман адам Құран Кәрімде және пайғамбар сүннетінде келген Аллаһ тағаланың көркем есімдері мен сипаттарына кәміл сенеді. Оған ешнәрсені қосып не алып, кемітпейді. Ол жайында: «Неге? Қалайша? Олай болуы мүмкін бе?» деген сияқты сұрақтар қойып Аллаһ тағаланы қандай да бір жаратқан мақлұқаттарының біріне ұқсату дұрыс болмайды. «Ықылас» сүресінде айтылғандай: «Ол Аллаһ біреу-ақ, Аллаһ мұнсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж) Ол – тұмады да туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес».

МҰХАММЕД (с.а.у.) ПАЙҒАМБАР

Мен Мұхаммед пайғамбарды Алланың елшісі екендігіне куәлік беремін. Біздің мырзамыз Мұхаммед – Ислам дініндегі ең соңғы пайғамбар.

Мен Алланы және Оның елшісі Мұхаммедті жақсы көремін. «Алладан басқа ешбір тәңір жоқ және Мұхаммед Оның елшісі» - деген таухид куәлігіне шын жүректен сенемін.



ТҮСІНІКТЕМЕ

Мұхаммед – Алланың ең соңғы елшісінің есімі, оны Аллаһ тағала адамдарға тура жол көрсету үшін жібергенін және «Мұхаммед – Алланың елшісі» - деген сөз тіркесі Аллаһ тағалаға иман келтіру куәлігін «Алладан басқа ешбір тәңір жоқ, Мұхаммед Оның елшісі» деп толықтырып тұрар екінші жартысы.

Мұхаммед пайғамбарға дейінгі пайғамбарлардың бәрі де Аллаһ тағаланы бір деп біліп, халықты тек Оған ғана құлшылық етуге үндеген. Демек, пайғамбарлардың барлығы да халықты Ислам дінінің жолына шақырған. Тек тарихтың талқысымен көктен түсірілген діндердің (христиан, яһуди) мазмұны өзгеріп кеткен. Болмаса олардың да әу бастағы діндері тек бір жаратушыны ғана мойындайтын дін болған. Дей тұрғанмен мұсылман адам өзінің жанындағы адамның сеніміне, ұстанатын дініне құрметпен қарайды.


Мұхаммед пайғамбардың өзіне дейінгі пайғамбарлардан басты айырмашылықтарының бірі – әуелгі пайғамбарлар тек өз қауымына пайғамбар болып келген, насихаттаған шариғат (құлшылық) негіздері де сол кезеңде өмір сүрген халыққа ғана арналып отырған. Ал Мұхаммед пайғамбар бүкіл адамзат баласына, жер бетінде қанша халық болатын болса, солардың барлығына Аллаһ тағала тарапынан елші ретінде жіберілді. Әрі оның насихаттаған шариғат (құлшылық) негіздері, орындалу тәсілі ешуақытта өзгеріске ұшырамай Қиямет күніне дейін жалғаса бермек. Мұхаммед пайғамбардан кейін Аллаһ тағала тарапынан басқа ешбір пайғамбар келмейді. Әрі келуді де қажет етпейді. Өйткені, оның алып келген шариғаты толық, әрі Қиямет күніне дейін жарамды. Міне, сондықтан ол пайғамбарлардың ең соңғысы.

Пайғамбарлардың аты аталғанда оларға «аләйһис-сәләм» яғни, «оған Аллаһ тағаланың сәлемі болсын!» деген мағынадағы мадақ сөздері айтылады. Ал Мұхаммед пайғамбардың аты аталғаннан кейін «оған Аллаһ тағаланың сәлемі мен игілігі болсын!» деген мағынаны білдіретін араб тіліндегі «саллаллаһу аләйһи уә сәлләм» тіркесі айтылады. Бұл сөз тіркесі діни салада жазылған еңбектерде (с.а.у.) не (с.ғ.с.) деп қысқартылып беріледі. Пайғамбарымыздың есімі аталғанда осылайша салауат айту сауап. Ислам шариғаты бойынша кімде-кім Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) атын естіп тұрып, оған салауат айтпаса ол ең сараң адам болып есептеледі.

ҚАСИЕТТІ ҚҰРАН КӘРІМ

Қасиетті Құран Кәрім – Алланың кітабы. Қасиетті Құран – тура жолға, бақытқа, жетістіктерге жетудің жолын көрсететін кітап.

Барлық адамдар үшін бақыт пен жақсылық жолы. Кім Құран жолымен жүрсе, оның үкімдері мен әдептеріне амал етсе, бүкіл өмірінде және адамдармен болған қарым-қатынасында игі жетістіктерге жетеді. Бұл дүниеде оған Алланың ризалығы жауады, ал ақыретте жәннатқа қол жеткізу арқылы шынайы бақытқа бөленеді.



ТҮСІНІКТЕМЕ

Ислам дініндегі иманның алты шартының үшіншісі – Алланың кітаптарына сену болып табылады. Аллаһ тағала өз пенделеріне пайғамбарлары арқылы кітаптар жіберген. Бұл кітаптарда Алланың әмірлері мен тыйымдары білдірілген, пенделерінің міндеттері баяндалып, олардың дүниеде және ақыретте бақытты болуларының жолдары көрсетілген. Ислам өзіне сенушілерге пайғамбарларға жіберілген кітаптардың бәріне сенуді бұйырады. Бірақ, Құран Кәрімнен басқа «иләһи» кітаптардың кейіннен бұрмаланып, өзгертілгенін алға тартады. Сол себепті олардың қазіргі қолда бар нұсқаларына емес, пайғамбарларға жіберілген кездегі өзгеріске ұшырамаған нұсқасын рас деп мойындауға шақырады. Ал Құран Кәрім Мұхаммед пайғамбарға (с.а.у.) түсірілген кездегі күйінде асқан ұқыптылықпен сақталып, күні бүгінге дейін ешбір өзгеріске ұшырамаған.

Құран Кәрімде жиырма бес пайғамбардың аты аталады. Олардың ішінде Мұхаммед (с.а.у.) Нұх (ғ.с.), Иса (ғ.с.), Ибраһим және Мұса пайғамбар сабырлылық пен тақуалықта табандылық танытқандықтан, ерекше дәріптеледі. Құран Кәрім мұсылмандарды барлық пайғамбарларға иман келтіруге үндейді. Бүкіл пайғамбарларға иман келтірмейінше ешбір адам нағыз мұсылман санатына қосыла алмайды. Бұл – тек Ислам дініне ғана тән жайт. Ислам діні Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарға дейінгі бүкіл пайғамбарларға иман келтіргеннен кейін олардың ешбіріне тіл тигізбей, әрбіріне құрметпен қарауға шақырады. Міне, сондықтан мұсылмандар арасында барша пайғамбарды құрметтеп, әрі оларды ұмытпау мақсатында өз ұлдарына олардың есімдерін беру үрдісі қалыптасқан.

ҚАСИЕТТІ ҚҰРАН КӘРІМ – АЛЛАНЫҢ СӨЗІ

Біз қасиетті Құранға сенеміз. Мен Құран Кәрімді оқимын, өйткені, ол – Алланың сөзі. Құран оқуды бастағанда: «Әбузу биллаһи минаш-шайтанир ражим. Бисмилләһир-рахманир-рахим» яғни, «қуылған шайтанның азғыруынан Аллаға сыйынамын. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын» - деп, айтамыз.

Аллаһ бізге Құран Кәрімді жиі-жиі оқуды бұйырды. Сондықтан біз, Құран Кәрімде орындауға бұйырылған нәрселер үшін амал етіп, тыйым салынған нәрселерден бойымызды аулақ ұстауымыз керек.



ТҮСІНІКТЕМЕ

Құран Кәрім кейде аят-аят, кейде толық бір сүре ретінде әр түрлі оқиғаларға байланысты бөлек-бөлек 23 жылда толығымен түсіп біткен. Ең алғаш түскен аят «Алақ» сүресінің алғашқы бес аяты, ал ең соңғы түскен «Бақара» сүресінің 281-аяты деген көзқарастар бар. Құранда барлығы 114 сүре бар.

Жалпы, Құран аяттарының мазмұндық түсініктемесін төмендегідей тізбектеуге болады: Адамзат баласы (жаратылуы, дәрежесі, оқу-ағарту, т.б. осы сияқтылар). Аллаһ тағала, Аллаһ тағаланың сипатын баяндайтын аяттар, әлемге байланысты аяттар, тағат-ғибадатқа қатысты аяттар, ғылым-білім, ақыл, ой жүгірту, ғибрат, үлгі алуға қатысты баяндалған аяттар, дін, иман, жақсы-жаман жол, Жиһад, күрес, қоғамдық тәртіп, Құран Кәрім, мінез-құлық (ахлақ), өлім, өлімнен кейінгі ахуал, үйші, әлеуметтік мәселелер, экономикалық мәселелер жайындағы аяттар.

Құран аяттары түскен сайын Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) уахи жазатын адамдарын шақырып, аяттарды қай сүренің қай аятынан кейін жазу керектігін айтып отырған. Сондай-ақ, жаңа түскен аяттарды Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) сақбалары (қасына ерген адал достары) оқып, көбі бірден жаттап алатын болған. Осылайша Құран әрі қағаз бетінде, әрі мұсылмандар санасында жатталып, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) заманында жақсы сақталған.


Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) дүние салғаннан кейін Әбу Бәкірдің халифалығы кезінде алдыңғы қатарлы сахабалардан алқа құрылып, олар бөлек-бөлек Құран парақтарын жинады, әрі қарилар (*қари* – Құранды бастан аяқ жатқа білетін адам) жаттаған Құранмен салыстыра отырып, кітап қалпына келтірді. Құран беттерінің жиналып, кітап қалпына келтірілуі араб тілінде «мусхаф» деп аталады. Сонымен Әбу Бәкір халифа болып тұрған кезде Құран аяттары жинақталып бір кітап түріне келтірілсе, үшінші халифа Осман уақытында Құранның көшірмесі алынып, бірнеше нұсқасы жасалды, әрі оларды әр түрлі Ислам өлкелеріне жібереді. Дәлірек айтқанда біреуін Мәдинада қалдырады да, қалғандарын Сирияға, Йеменге, Мысырға, Иракқа жібереді.

ИСЛАМ ДІНІ

Ислам діні – менің ата-бабамның діні. Менің дінім. Мен оны жақсы көремін.

Ислам – «бір Аллаға ғана бойсұну» деген мағынаны білдіреді. Яғни, Оған ғана шынайы ықыласпен нағыз бағыну.

Еш уақытта Аллаға сөзбен, іс-әрекетпен серік қосуға болмайды. Аллаһ бізді, әрі барша мұсылмандарды өзіне серік қосудан сақтасын.



ТҮСІНІКТЕМЕ

Барлық әлемдік діндер мен дәстүрлі діндер, діни сенім-нанымдар атауларының түп тамыры бір кісінің не қауымның немесе сол діннің шыққан жерімен байланысып жатады. Осы дін атауының ішінде тек Ислам дінінің атауы ғана жеке адамның немесе қандай да бір қауым не ұлттың атымен байланысты емес. «Ислам» сөзінің араб тіліндегі мағынасы тілдік тұрғыдан «мойынсұну, бағыну, амандықта, бейбітшілікте болу» дегенді білдірсе, діни термин ретінде «ең соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) Жаратушы Иенің Жәбірейіл періштені жіберу арқылы бүкіл адамзат баласын екі дүниенің бақытына жеткізу жолын баяндайтын, Алланың тыйымдары мен бұйрықтарын қамтитын, әрі бір Аллаға ғана бас июге шақыратын» дін атауын білдіреді. Ислам сөзі сенім-наным мен ар-ұждан мәселелерін қамтумен бірге амандық пен бейбітшілікті, татулықты, бір ауыз сөзбен айтқанда тұтастай бейбіт өмір сүру салтын білдіреді.

Ислам дінінің өзіндік ерекшеліктері бар. Олар қысқаша қарастырғанда төмендегідей:

1. Ислам – жаратушы Ие тарапынан жіберілген ең соңғы дін, бұдан кейін басқа дін келмейді. Өйткені, Ислам діні ақырзаманға дейін өз үкімін жоймайтын, кез келген уақытқа және жерге жарамды болып табылады. Бұл дінді адамдарға жеткізіп, баяндаған Мұхаммед (с.а.у.) – ең соңғы пайғамбар. Одан кейін басқа пайғамбар келмейді деп насихаттайды.

2. Ислам тек бір Аллаһ сеніміне ғана сүйенеді, әрі Оған ғана құлшылық етуді насихаттайды. Сондай-ақ, бүкіл әлемді әу баста жоқтан бар еткен тек Аллаһ тағала екендігі баса айтылады.

3. Періште сияқты рухани жаратылыстарға сенуді уағыздайды.

4. Адамдардың өлгеннен кейін қайтадан тірілетіндігі жайында және мәңгі о дүниелік өмірінен хабар береді.

5. Ислам – таухидке негізделген дін. Адамның абыройы мен қасиетіне зиян келтіретін, Аллаға серік қосу сияқты сенім бұзықтықтарынан мүлде алыстатылған.

6. Ислам – адамның рухына азық беретін тағат-ғибадат діні. Адамзат орындауға жауапты болған түрлі ғибадаттар денені де, рухты да жақсылықтарға жетелейді. Әрі дене мен рух тазалығын қатар қояды.

ИСЛАМ НЕГІЗДЕРІ

Алланың елшісі Мұхаммед (с.а.у.) былай деген: «Ислам діні бес тірекке негізделген»:

1. «Әшһәду әл лә иләһә иллаллаһ уа әшһәду әннә Мұхаммәдәр расулуллаһ» «Алладан басқа ешбір тәңір жоқ екеніне және Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куәлік беру»

ТҮСІНІКТЕМЕ

7. Ислам – әлемдік дін. Алдыңғы пайғамбарлар жеткізіп, баяндаған діндер тек қана белгілі бір ұлтқа, халыққа келсе, Ислам діні бүкіл дүние жүзіндегі халықтарға жіберілген.

8. Ислам – мейірімділік пен қамқорлық діні. Адамзатқа айналасындағы әлсіз, бейшара жандарға қол ұшын беруді, оларға зиян тигізбеуді, қоғамда түсіністікті қалыптастыруға негіз болады.

9. Ислам діні өзінен бұрын Аллаһ тарапынан жіберілген пайғамбарлар мен діни кітаптардың өзгеріп, бұрмаланбаған алғашқы түпнұскалары жаратушы Ие тарапынан келгендігін растап, мойындайды.

10. Ислам діні ғылым, білім үйренуді, адал жолмен күн көру мақсатында жұмыс істеп, еңбектенуді, табыс табуды құлшылық деп санайды. Дүние мен ақырет арасында тепе-теңдік құрып, екеуінің пайдасы үшін де жұмыс істеп, еңбектенуді бұйырады.



11. Ислам дінінің үгіт-насихатында зорлау, күш қолдану, қорқыту сияқты іс-әрекеттерге орын жоқ. Адамдардың сүйіспеншілікпен және өз қалауымен Исламға көңіл бөлуі ең негізгі мәселе.

12. Ислам діні қоғамның салауатты өмір сүруге қол жеткізуін, осы жағдайды үнемі сақтап қалу үшін «жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыю» негізін ұсынады.

13. Ислами мемлекетте мұсылман мен мұсылман емес дін өкілдерінің барлығы халық – төрешінің алдында тең құқылы. Басқа діндегілер өз діндерінің бұйырған міндеттерін атқаруға ерікті. Үйлену, ажырасу, құлшылық пен мойынсұнуларды өз діндерінің заңдары бойынша атқаруға құқық беріледі.

14. Ислам жеке басқа зиян келер болса да туралықтан айырылмауды бұйырады. Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) Алланың үкімдерін орындауда адамдар арасында ешқашан алалық танытпаған. Сондай-ақ, Ислам бір Аллаға иман келтірген барлық адамдарды бір-біріне (дін) бауыр деп жариялайды.

15. Ислам діні адам баласын бірлікке шақырып, олардың араларында бауырластықты насихаттайды. Сондай-ақ, олардың барлығының Жаратушы алдында тарақтың тісіндей бірдей, тең екендігін, артықшылық тек тақуалық (Алладан шынайы түрде қорқу, шариғат үкімдерін толық орындау) пен көркем мінез-құлықта екендігін паш етеді. Адамдар арасындағы қарым-қатынастарды, олардың жаратылысына және психологиясына сәйкес түрде реттеп отырады.



2. Намаз оқу.
3. Зекет беру.
4. Рамазан айында ораза ұстау.
5. Шамасы келсе, қажылыққа бару.

ТҮСІНІКТЕМЕ

1. Куәлік сөзі. Бұл Ислам негіздерінің мағыналарын қамтиды. Куәліктен кейінгі Исламның басқа негіздерінің мағынасын түсіндіреді. Оның түсіндірмесін мұсылманның өмірімен байланыстырады. Әрбір мұсылман осы негіздерге сай өмір сүру керектігін айтады.

2. Намаз. Күніне бес рет намаз оқу – Исламның ең маңызды парыздарының бірі. Оны орындаған адамды Аллаһ ұлы сыйға бөлейді. Намаз белгілі шарттарға сай орындалады. Ол фикһ – ғылымхал кітаптарында түсіндірілген.

3. Зекет. Бай-дәулетті кісілердің өз дүние-малдарынан кедейлердің хақыларын беруі және байлардың жүректерін сараңдықтан тазарту, кедейлерге деген мейірімділікті ояту. Бұл жайында да шариғат үкімдерінде түсіндірілген.

4. Ораза. Рамазан айында ораза тұту әрбір мұсылманға парыз. Ораза мұсылманның тақуалығын (Алладан қорқу) күшейтеді. Әрі ол үшін Аллаһ ұлы сый береді.

5. Қажылық. Өмірінде бір рет Меккедегі Алланың үйіне барып қажылық міндетін өтеу. Қажылық шамасы келген әрбір мұсылманға парыз.

АЛЛАҒА ИМАН КЕЛТІРУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

Аллаға иман дегеніміз – Алладан басқа шынайы түрде құлшылық етуге лайықты ешкім жоқ, әрі Оның серігі, теңі жоқ екеніне толық сену.



Иман негіздері:

1. Бір Аллаға сену.
2. Оның періштелеріне сену.
3. Оның елшілеріне сену.
4. Оның түсірген кітаптарына сену.
5. Ақырет күніне сену.
6. Тағдырға, жақсылығы мен жамандығына сену.
7. Өлгеннен кейін қайта тірілуге сену.

ТҮСІНІКТЕМЕ

• **Аллаға иман** дегеніміз – шын жүреппен құлшылыққа бір Аллаһ қана лайықты екеніне толық сеніп, мойындау.

• **Періштелерге иман** дегеніміз – олардың нұрдан жаратылған, ешқашан Аллаға қарсы келмейтін, бұйырылған нәрсені бұлжытпай орындайтын Алланың жаратқан мақлұқаттарының бірі екеніне сену. Мысалы: Жәбірейіл (а.с.) – уахи (Алладан аян) жеткізуші періште.

• **Кітаптарына иман** – Таурат, Забур, Інжіл және Құранға сену.

• **Елшілеріне иман** – олардың саны көп, Құранда жиырма бес пайғамбардың аты аталады.

• **Ақырет күніне иман** – ақырғы күннен кейінгі Махшар, Мизан, Сырат, т.б. оқиғаларға сену.

• **Тағдырдың жақсылығы мен жамандығына сену** дегеніміз – Аллаһ тағала барлық адамдардың амалдарын, ғұмырларын және өмірлерінің барлық жағдайларын өз білімімен жазып қойғанына сену.

• **Өлгеннен кейін қайта тірілу** дегеніміз – әділ есеп-қисап беру үшін, өлімнен кейін қайта тірілу, әрбір адамның амалына сай жазасын алуы, не мәңгі жұмаққа, не тозаққа (Аллаһ одан сақтасын) түсетін күнге сену.

МЫНАНЫ ЖАДЫҢДА БЕРІК САҚТАЙ БІЛ!

Сұрақтар	Жауаптары
1. Сен кімсің?	1. Мен мұсылманмын.
2. Раббың кім?	2. Раббым – Аллаһ.
3. Дінің не?	3. Дінім – Ислам.
4. Біз кімге құлшылық етеміз?	4. Бір Аллаға ғана.
5. Пайғамбарың кім?	5. Пайғамбарым – Мұхаммед (с.а.у.)
6. Сені кім жаратты?	6. Мені және барлық нәрсені Аллаһ жаратты.
7. Аллаһ адамды не үшін жаратты?	7. Аллаһ адамдарды Өзіне ғана құлшылық ету үшін жаратты. Жаксы амалдар орындап, жерде адал, көркем, жақсы нәр-селермен орналастыру үшін және өзін барлық харам (Алланың тыйым салған) нәрселерден сақтауы үшін жаратты.
8. Саған және барлық адамдарға ризық-несібе беруші кім?	8. Маған және барлық адамдарға ризық-несібе беруші – Аллаһ тағала.
9. Сенің қасиетті кітабың қалай аталады?	9. Қасиетті кітабым Құран Кәрім деп аталады.



(күн, ай, таулар, ағаштар, өзендер – Аллаһ тағаланың белгілерінен)

10. Ислам дінінің негіздері қанша?	10. Ислам дінінің негіздері бесеу.
11. Ислам негіздерін атап берші?	11. 1. Алладан басқа ешбір тәңір жоқ, әрі Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алланың елшісі екеніне куәлік беру. 2. Намаз оқу. 3. Зекет беру. 4. Рамазан айында ораза ұстау. 5. Шамасы келсе, қажылық міндетін өтеу.
12. Түн мен күндізді, күн, ай, тауларды, ағаштар мен өзендерді кім жаратты?	12. Түн мен күндізді, күн, ай, тауларды, ағаштар мен өзендерді және барлық нәрселерді Аллаһ тағала жаратты.